

Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге арналған өтінімдерді қарау кезінде жария тыңдаулар өткізу қағидаларын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 376 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 1 қыркүйектегі № 727 қаулысымен

**Ескерту.** Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2015 № 727 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

**Ескерту.** Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.11.2013 N 1235 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңының 17-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

**Ескерту.** Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге арналған өтінімдерді қарау кезінде жария тыңдаулар өткізу қағидалары бекітілсін.

**Ескерту.** 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.11.2013 N 1235 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының**

**Премьер-Министрі**

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2003

жылғы

21

сәуірдегі

N

376

қаулысымен

бекітілген

**Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге арналған өтінімдерді қарау кезінде жария тыңдаулар өткізу қағидалары**

Ескеरту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.11.2013 N 1235 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге арналған өтінімдерді қарау кезінде жария тыңдаулар өткізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес өзірленді және табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның (бұдан әрі - уәкілдеп табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге арналған өтінімдерді қарау кезінде жария тыңдаулар өткізу тәртібін айқындайды.

2. Жария тыңдаулар өткізудің мақсаты тұтынушылар мен уәкілдеп табиғи монополиялар субъектілері қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету жолымен тариф саясаты саласындағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін қүшейту болып табылады.

3. Жария тыңдаулар - табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) немесе оның шекті деңгейінің жобасын мемлекеттік органдардың, тұтынушылардың және олардың қоғамдық бірлестіктерінің, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін, тәуелсіз сарапшыларды және табиғи монополиялар субъектілерін шақыра отырып өткізілетін талқылау рәсімі.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге анықтамалар мен терминдер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасына сәйкес қолданылады.

4. Жария тыңдауларды өткізу қағидаттары:

1 ) ж а р и я л ы л ы к ;

2) тұтынушылар мен табиғи монополиялар субъектілері мұдделерінің  
т е н ғ е р і м і н с а қ т а у .

5. Үәкілетті орган жария тыңдауларды өткізгенге дейін жария тыңдаулар  
өткізілетіні туралы хабарландыруды:

1) табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін жалпы тәртіппен бекіту кезінде күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей;

2) Заңның 18-бабының 5-тармағына сәйкес табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту кезінде күнтізбелік жеті күннен кешіктірмей өзінің интернет-ресурсында орналастырады және табиғи монополия субъектісі өз қызметін жүзеге асыратын тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте таратылатын, аптасына кемінде екі рет шығатын баспасөз басылымдарында ж а р и я л ай ды .

Мерзімді баспасөз басылымдарында алдағы болатын жария тыңдаулар туралы хабарландыруды жариялау туралы талаптар реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту кезінде қуаты аз табиғи монополиялар субъектілеріне қ о л д а н ы л м ай ды .

6. Алдағы болатын жария тыңдаулар туралы хабарландыру мынадай м ә л і м е т т е р д і :

1) тыңдауларды ұйымдастырушының атауы мен орналасқан орнын;

2) тыңдаулардың өткізілетін күні, орны мен уақытын;

3) табиғи монополия субъектісінің атауын және өтінім берілген реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге арналған қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) түрлерін;

4) ақпарат алуға болатын жария тыңдауларды ұйымдастырушының және табиғи монополия субъектісінің байланыс телефондарын;

5) үәкілетті органдың және табиғи монополия субъектісінің интернет-ресурсының мекенжайын (болған жағдайда) қамтиды.

7. Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілген табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шекті деңгейлерінің жобаларын талқылау жөніндегі жария тыңдауларды өткізу кезінде үәкілетті орган осы Қағидалардың 6 -тармағында көзделген мәліметтерді көрсете отырып, тиісті жергілікті

мемлекеттік басқару органдарын шақырады.  
8. Қуаты аз табиғи монополия субъектісі жария тыңдауларды өткізгенге дейін жария тыңдауларды өткізу күні, орны мен уақыты туралы тұтынушыларды және мұдделі тұлғаларды хабардар етеді.

#### 9. Жария тыңдаулар:

1) табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейлерін бекіту кезінде бекіту туралы шешім қабылдағанға дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей;

2) табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту кезінде бекіту туралы шешім қабылдағанға дейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей;

3) Заңның 18-бабының 5-тармағына сәйкес табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту кезінде бекіту туралы шешім қабылдағанға дейін күнтізбелік жеті күннен кешіктірмей;

4) қуаты аз табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту кезінде бекіту туралы шешім қабылдағанға дейін күнтізбелік бір күннен кешіктірмей өткізіледі.

10. Табиғи монополия субъектісі жария тыңдауларды өткізу күні туралы ақпарат жарияланғаннан кейін жария тыңдауларға қатысуышылардың талабы бойниша:

реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтік сметалардың, тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шекті деңгейлерінің жобаларын;

реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін көтеру себептері туралы экономикалық негізделген есептері бар ақпаратты береді.

## 2. Жария тыңдауларды өткізу тәртібі

11. Тыңдаулар уәкілетті орган айқындаған үй-жайда кедергісіз кіруді қамтамасыз ету арқылы өткізіледі.

12. Жария тыңдаулар өткізу үшін уәкілетті орган қызметкерлерінің ішінен жария тыңдаулардың төрағасы (бұдан әрі - төраға) тағайындалады. Төраға қуаты аз табиғи монополия субъектісінің өтінімдерін қарауды қоспағанда, уәкілетті

орган қызметкерлерінің ішінен жария тыңдаулардың хаттамасын жүргізетін  
х а т ш ы н ы т ағ а й ы н д ай д ы .

13. Хаттама жазбаша нысанда жасалады.

14. Төраға әрбір жария тыңдауға регламент белгілейді.

15. Төраға белгіленген уақытта тыңдауларды ашады, олардың мақсатын және  
күн тәртібін жариялайды. Төраға қатысушыларды тыңдауларды өткізу  
р е г л а м е н т і м е н т а н ы с т ы р а д ы .

16. Өз сөзінде табиғи монополия субъектісі өзі көрсететін реттеліп  
көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) ұсынылып отырған тарифтің  
(бағаның, алым мөлшерлемесінің) деңгейіне немесе оның шекті деңгейіне  
растастауышы фото, бейне материалдарды қоса бере отырып, егжей-тегжейлі  
тұсініктеме және негіздеме береді.

17. Төраға жария тыңдауларда сөз сөйлейтіндерге сұрақтар қояды, қаралып  
отырған мәселелер бойынша өз ұстанымын білдіреді, тыңдауларға қатысушының  
тыңдау регламентін бұзатын, сондай-ақ жария тыңдаулардың тақырыбына  
қ а т ы с ы ж о қ с ө з і н б ө л е д і .

Жария тыңдауларды өткізу кезінде тәртіпті бұзатын адамға төраға ескерту  
жасайды. Тәртіпті қайта бұзған жағдайда тыңдауларға қатысып отырған адам  
ү й - ж а й д а н ш ы ғ а р ы л а д ы .

18. Жария тыңдауларға қатысушылар қаралып отырған мәселелер бойынша  
өз көзқарастарын (болған жағдайда) білдіреді, сөз сөйлеушілерге сұрақтар қояды,  
өз сөздерінде көмекші материалдарды (плакаттар, кестелер және тағы басқалар)  
пайдаланады және жария тыңдаулардың хаттамасына сөйлеген сөзін жазбаша  
қ о с а б е р е д і .

19. Төраға тыңдаулардың корытындысын шығарады және жария  
тыңдауларды ж а б а д ы .

20. Жария тыңдауларға қатысушылар білдірген пікірлер ұсынымдық сипатқа  
и е ж е н е н а з а р ғ а а л ы н а д ы .

21. Жария тыңдауларды өткізу процесінде хаттама жасалады, онда осы  
Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген ақпарат, сондай-ақ жария тыңдаудың  
басталуы мен аяқталуы, сөз сөйлегендердің тегі, аты-жөні туралы мәліметтер  
және сөйлеген сөздер мәтінінің қысқаша мазмұны мен тыңдаулардың нәтижелері  
қамтылады. Барлық хаттамалар нөмірленеді және жеке папкаға тігіледі.

22. Жария тыңдаулардың хаттамасы жария тыңдаулар өткізген уәкілетті  
органның мұрағатында жария тыңдаулар өткізілген күннен бастап үш жыл бойы  
с а қ т а л а д ы .

23. Коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын  
мәліметтер табиғи монополия субъектісінің келісімінсіз жария тыңдауларда  
жария етуге жатпайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК